

"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу және пайдалану туралы концессиялық келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1217 Қаулысы

"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісі құрылысының жобасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 қазандағы N 1008 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу және пайдалану туралы концессиялық келісімнің жобасы (бұдан әрі - **Келісім**) **мақұлданды.**

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Владимир Сергеевич Школьникке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан **Келісім жасасуға өкілеттік берілсін.**

3. Қостанай және Ақтөбе облыстарының әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу үшін жер учаскесін беруді қамтамасыз етсін.

4. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу және пайдалану туралы КОНЦЕССИЯЛЫҚ КЕЛІСІМ

Астана қаласы 2005 жылғы "___" _____

Бұдан әрі "Құзыретті орган" деп аталатын Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу және пайдалану туралы концессиялық келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1217 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет жасайтын Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі

Школьник Владимир Сергеевич тұлғасында бірінші жақтан, және бұдан әрі - "Концессионер" деп аталатын Жарғы негізінде әрекет жасайтын Басқарма төрағасы Ысқақов Асқар Кежекұлы тұлғасында екінші жақтан, "Батыс транзит" акционерлік қоғамы бірлесіп "Тараптар" деп аталатын осы "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу және пайдалану туралы Концессиялық келісімді (б ұ д а н ә р і - К е л і с і м) ж а с а с т ы .

Тараптар осы Келісіммен Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салуға және пайдалануға мүдделіктерін білдірді.

Тараптар "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салуды жеке капиталдың мемлекетпен өзара ынтымақтастығы қағидаттары негізінде ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Тараптар Келісімнің "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу мен пайдалану, сондай-ақ "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісіне мемлекеттік меншік құқығын ресімдеу кезінде олардың өзара құқықтарымен міндеттерін реттейтініне келісті.

1. Түсініктер мен терминдер

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер:

Объект - электр беру желілері мен тарату құрылғыларын және олардың қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті кіші станциялардың өзге де жабдықтарын қамтитын "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісі;

Шарттасу аумағы - осы Келісімнің қолданылу мерзіміне Объектіні салу және пайдалану үшін Концессионерге Құзыретті орган өтеусіз пайдалануға беретін қажетті а л а ң м е н о р ы н н ы ң ж е р у ч а с к е с і ;

Жоба - осы Келісімінің қолданылу мерзіміне Объектіні салуға, пайдалануға б а ғ ы т т а л ғ а н і с - ш а р а л а р к е ш е н і ;

Құрылысқа арналған мердігерлік шарты - жобалау-сметалық құжаттамаға, жұмыс жоспары мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған Концессионер мен үшінші тұлғаның (лардың) а р а с ы н д а ғ ы ш а р т ;

Жоба бойынша шарттар мен келісім-шарттар - Жобаны іске асыруға қажетті барлық ш а р т т а р м е н к е л і с і м - ш а р т т а р ;

Макроэкономикалық орта - бұл Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі индикаторларының жиынтығы;

Жобаның іске асырылу кезеңі - осы Келісімге қол қойылған сәттен бастап Объектіні пайдалану аяқталған және оны мемлекеттік меншікке берілген сәтке дейінгі кезең;

Қаржылық-экономикалық модель - Объектіні пайдаланудан алынған кірістердің, сондай-ақ инвестициялардың, ұстауға, жөндеу мен басқаруға арналған шығыстардың, салықтардың, алымдар мен басқа да шығындардың қалыптасуын айқындайтын базалық қаржылық-экономикалық өлшемдерге негізделген Концессионердің Объектіні салуы мен пайдалануының қаржылық нәтижелерінің кешенді болжамы. Қаржылық-экономикалық модельді іске асыру деп макроэкономикалық шарттардың мүмкін болатын өзгерістері ескеріле отырып, Жобаны іске асырудан алынған нақты нәтижелердің жобаның берілген экономикалық көрсеткіштеріне сәйкестігіне қол жеткізу түсініледі.

2. Келісімнің мәні

1. Объектіні салуға, оны пайдалануға және мемлекеттік меншік құқығын ресімдеуге Концессионерге құқық беру кезіндегі Тараптардың қарым-қатынастарын реттеу Келісімнің мәні болып табылады.

2. Бірден бір мақсаты Объектіні салу, оны келісім негізінде пайдалану және Объектіні кейіннен мемлекеттік меншікке беру болып табылатын Концессионер жүзеге О б ъ е к т і н і с а л у д ы а с ы р а д ы .

3. Пайдалану мерзімінің ұзақтығы, Концессионердің Объектіні пайдалануды жүзеге асыратын экономикалық және құқықтық орта жобаны қаржыландыру нәтижесінде туындаған барлық концессионердің борыштық міндеттемелерін орындауға, сондай-ақ Концессионердің акционерлік капиталына кірістілікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

4. Осы Келісімнің іске асырылу кезеңі - 2005 жылдың _____ бастап 2022_ жылдың 31 желтоқсан аралығы, соның ішінде осы Келісімнің жекелеген іске асырылу кезеңдерін жүзеге асыру мерзімдері:

құрылыс кезеңі - 2005 жылдың _____ бастап 2008 жылдың 30 маусым аралығы;
пайдаланылу кезеңі - 2008 жылдың 1 шілдесінен 2022 жылдың 31 желтоқсаны а р а л ы ғ ы .

5. Объектінің пайдаланылу кезеңі аяқталған соң Концессионер Объектіні мемлекет меншігіне, оның уәкілеттік берілген органдар тұлғасына 2022 жылдан кеш емес мерзімде береді.

3. Келісімнің мақсаты

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Объектіні салу, пайдалану және мемлекеттік меншікке беру жөнінде Құзыретті орган мен Концессионер арасындағы шарттық қарым-қатынастарды айқындау және заңды ресімдеу, сондай-ақ осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Жобаның қаржы-экономикалық моделін іске асыру осы Келісімнің мақсаты болып табылады.

4. Шарттасу аумағы

1. Құзыретті орган Объектінің құрылысы үшін мемлекеттік заттай грант ретінде Жобаны іске асыруға қажетті алаңдық жер учаскесінің дер кезінде берілуін қамтамасыз етеді.

2. Концессионер осы Келісімнің шарттарына сәйкес Шарттасу аумағының шегінде Объектінің құрылысын салуды орындайды.

3. Концессионер өзіне берілген жер алаңдарын Шарттасу аумағының шегінде Объектінің құрылысы мен пайдаланылу мақсаттары үшін ғана пайдаланады.

4. Концессионер Шарттасу аумағында жобалық-сметалық құжаттамада көзделген және Объектінің құрылысы мен оның одан әрі пайдаланылуын жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік объектілерді салады.

5. Егер құрылыс жүргізу кезінде құрылыстың географиялық шекаралары Жер бөлінісінде көрсетілген Шарттасу аумағының шегінен шығып кеткені анықталса, онда Шарттасу аумағын кеңейту туралы мәселе жерді пайдалану актілеріне өзгертулер және Келісімнің шарттарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу жолымен шешіледі.

5. Тараптардың ортақ құқықтары мен міндеттері

1. Құзыретті органның құқықтары:

1) Концессионермен келіссөздерде Қазақстан Республикасының Үкіметін Келісімнің шарттары бойынша білдіру;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметін Концессионердің осы Келісімнің шарттарын орындағаны немесе орындамағаны туралы хабардар ету;

3) Концессионерден Келісім шарттарының орындалу барысы туралы ақпарат пен есептерді сұрату және алу;

4) Концессионердің Келісім шарттарын атқару жөніндегі қызметін бақылау;

5) Концессионердің Келісімді іске асыру барысына мониторинг жүргізу.

2. Құзыретті органның міндеттері:

1) Келісімнің қолданылу кезеңінде осы Келісім 2-бөлімінің 1-тармағында көрсетілгенге ұқсас құқықтарды үшінші тұлғаларға бермеу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп пен негіздемелерде Келісім шарттарының атқарылуын қамтамасыз ету;

3) өз құзыретінің шегінде Шарттасу аумағының Концессионерге Келісімге сәйкес берілуін қамтамасыз ету;

4) Объектіні пайдалану мерзімі аяқталған соң өз құзыретінің шегінде Объектіге мемлекеттік меншік құқығын белгіленген тәртіппен ресімдеуге қатысу;

5) өз құзыретінің шегінде және осы Келісімнің шеңберінде Концессионерге инвестициялық салықтық преференциялар беруге қатысу;

6) осы Келісімде көзделген өзге де міндеттер.

3. Концессионердің құқықтары:

1) Келісімде көзделген шарттарға сәйкес өзіне Шарттасу аумағының шегінде берілген Объектінің құрылысы бойынша кез келген заңды іс-қимылдарды дербес жасау ;

2) Шарттасу аумағында Объектіні пайдалануға жатқызылған өндірістік объектілерді с а л у ;

3) Объектіні салу және оны пайдалану жөніндегі мердігерлік жұмыстарды атқару үшін мердігерлерді тарту ;

4) бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаға сәйкес Жобаны қаржыландыруға институционалды инвесторларды, бірінші кезекте жинақтаушы зейнетақы қорларын тарту мақсатында инфрақұрылымдық облигацияларды шығару;

5) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде кез келген валютада Объектінің құрылысын қаржыландыру үшін қарыздар алу, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе;

6) Келісім бойынша түсімдер мен кірістерді көрсететін ақшаны алу үшін осы Келісімнің талаптарын орындау мақсатында ұлттық та, шетелдік валютамен де Қазақстан Республикасының банктерінде және одан тысқары жерлерде шоттарға ие б о л у .

4. Концессионердің міндеттері:

1) өз тәуекелімен және тартылған мердігерлік ұйымдардың күштерімен Келісімде белгіленген мерзімде Объектінің құрылысы мен пайдаланылуы жөніндегі жұмыстарды нормативтік-техникалық актілерге, жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес атқару;

2) Объектінің құрылысын Шарттасу аумағында ғана жүргізу;

3) осы Келісімнің шарттарына сәйкес Жобаны іске асыруға оған қол қойылғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей кірісу;

4) Объектінің құрылысын жүзеге асыру кезінде неғұрлым тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдау және пайдалану;

5) Жобаны қаржыландыру мақсатында инфрақұрылымдық облигацияларды қоса алғанда, қаржылық құралдарды шығару және жайғастыру;

6) Шарттасу аумағын тек жобаны іске асыру мақсатында ғана пайдалану;

7) Объектінің құрылысын Қазақстан Республикасының заңнамасына, жобалық-сметалық құжаттамаға және осы Келісімге қатаң сәйкестікте жүргізу;

8) басқа адамдарға Шарттасу аумағының шегінде еркін жүріп-тұруға, объектілерді және ортақ пайдаланымдағы коммуникацияларды пайдалануға немесе кез келген жұмыс түрлерін жүргізуге кедергі жасамау, егер де бұл қауіпсіздіктің ерекше шарттарымен байланысы болмаса және мұндай қызмет Объектінің құрылысы мен пайдаланылуы жөніндегі жұмыстарды жүргізуге кесірін тигізбесе;

9) техникалық қадағалау және технологиялық ілестіруді ұйымдастыру жолымен

Объектінің құрылысы мен пайдаланылуы жөніндегі жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету ;

10) Объектінің құрылысын жүзеге асыру кезінде басымды тәртіппен Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтар мен материалдарды пайдалану;

11) Объектіні салу кезінде басымды тәртіппен отандық мердігерлік ұйымдарды тапсыру ;

12) Қазақстан Республикасында қажетті қызмет түрлері болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шетелдік ұйымдардың қызметтерін пайдалану;

13) Объектінің құрылысы бойынша жұмыстар жүргізген кезде қазақстандық кадрларға артықшылықтар беру;

14) бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді дер кезінде төлеу, тоқсан сайын Құзыретті орган мен бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға қаржылық есептіліктің үлгі нысандарын (бухгалтерлік теңгерім, қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есеп) және Концессионердің қаржылық ахуалын айқындайтын қажетті басқа да құжаттарды тапсыру;

15) Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына қажетті құжаттарды, ақпарат пен жұмыс орындарына рұқсатты олар қызметтік міндеттерді атқарған кезде тапсыру және олар анықтаған ретсіздіктерді уақтысында жою;

16) өз қызметінің процессінде Шарттасу аумағында орналасқан мәдени-тарихи мәндегі объектілерді сақтау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

17) Келісім бойынша Концессионердің қызметімен жай-күйі бұзылған жер учаскелері мен басқа да табиғи объектілерді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ары қарай пайдалану үшін жарамды күйге дейін қалпына келтіру;

18) құрылыс аяқталған соң белгіленген тәртіппен Объектінің пайдалануға берілуін қамтамасыз ету, Объектіге арналған меншік құқығын ресімдеу;

19) Объектіні оның мақсатына сәйкес пайдалануды жүзеге асыру;

20) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес Объектіні ұстауды қамтамасыз ету;

21) Құзыретті орган өкілдері мен Объектіні пайдаланудың қауіпсіздігіне жауап беретін адамдардың Объекті аумағына тексерулерді жүзеге асыру үшін кедергісіз жіберілуін қамтамасыз ету және Объектінің жай-күйі бойынша анықталған ескертулерді жою жөнінде шаралар қолдану;

22) Жоба жөніндегі жобалау-сметалық құжаттамада бекітілген қаражат шегінде Жобаның құрылыс бөлігінде қаржыландырылуын жүзеге асыру;

23) облигациялық займдар бойынша міндеттемелердің дер кезінде орындалуын қамтамасыз ету үшін арналған қаражатты арнайы шоттарға жинақтау;

24) инфрақұрылымдық облигациялардың шығарылуын мемлекеттік тіркеуге

арналған құжаттарды, сондай-ақ инфрақұрылымдық облигацияларды жайғастыру мен өтеу нәтижелері туралы есептерді және Қазақстан Республикасының және одан тысқары жерлердегі банктердегі шоттар туралы мәліметтерді қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға келісуге ұсыну;

25) пайдалану мерзімінен соң Объектіні осы Келісімнің 2-бөлімінің 4-тармағына сәйкес мемлекеттік меншікке беру;

26) Концессионердің инфрақұрылымдық облигациялар бойынша кредит берушілер алдындағы міндеттемелерді атқармауына байланысты шығындарды мемлекетке өтеу;

27) осы Келісімде көзделген өзге де міндеттемелер.

6. Жобаны

1. Жобаны қаржыландыру жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2. Жобаны қаржыландыру акцияларды, облигациялық және басқа займдарды шығару есебінен, сондай-ақ Объектіні пайдалану кезеңіндегі Концессионердің кірісі есебінен жүргізіледі.

3. Пайдалану кезеңінде Концессионер қысқа мерзімді кассалық үзіктер (қаржы жылы ішінде шығыстар көлемінің түсімдер мен ақшалай қаражаттың еркін қалдықтары көлемінен асуы) туындаған жағдайда ақшаны толтыру үшін несиелер тартуға құқылы. Концессионер активтерінің 10 % құнынан асатын сомаға Концессионердің міндеттемелерін ұлғайтуға әкелетін және мерзімі 1 (бір) жылдан асқан займды (облигациялық займнан басқа) тартқан жағдайда, Концессионер мұндай займ шарттарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келіседі. Келісу мерзімі - үш жұмыс күні. Концессионердің хабарламасына үш жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның жауабы болмаған кезде келісу орындалды деп саналады.

4. Облигациялық займ инфрақұрылымдық облигациялардың шығарылуы мен жайғастырылуын жорамалдайды. Облигацияларды жайғастыру құрылысты жүзеге асыру үшін қаражат қажеттілігі бойынша жүргізіледі.

5. Облигациялық займ шарттары облигацияларды шығару анықтамалығында көзделеді, және оны Концессионер айқындайды. Концессионер облигациялардың сатып алынуын бағалы қағаздардың қайталама рыногында жүзеге асыруға құқылы.

6. Үкімет Құзыретті орган тұлғасында Концессионермен бірлесіп "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу және пайдалану туралы концессиялық келісімге "Қаржы-экономикалық модель" қосымшасының 3-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген сомада осы Келісім шеңберінде шығарылатын инфрақұрылымдық облигациялар жөніндегі кепілгерлікке сай міндеттемелерді орындау үшін субсидиарлық жауапкершілікте болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.10.13 N 1584 Қаулысымен.

7. Концессионердің осы Келісім шеңберінде шығарылатын инфрақұрылымдық облигациялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының негізінде кепілгерлік береді.

8. Кепілгерлік жазбаша түрде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушылар өкілінің арасындағы кепілгерлік шарт жасасу арқылы беріледі, онда мыналар көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының деректемелері, соған сәйкес кепілгерлік берілетін;

2) Концессионердің атауы мен орналасқан орны;

3) кепілгерлік шарттың тараптары мен негізгі міндеттеменің (облигациялық заимдар) мазмұны;

4) кепілгерлік шартқа қол қойған лауазымды тұлға.

7. Қаржы-экономикалық модель

Базалық қаржы-экономикалық мөлшерлерге негізделген және Тараптармен келісілген, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Жобаның қаржы-экономикалық моделі осы Келісімнің қосымшасында берілген.

Осы Келісімнің ажырамақ бөлігі болып табылатын қаржы-экономикалық модельде мүлікке, жерге және корпоративтік салыққа салынатын салықтар бойынша преференцияларды қамтитын салық режимі көзделмеген.

Жобаның базалық қаржы-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында Концессионер қолданыстағы заңнамаға сәйкес инвестициялық салық преференцияларын ұсынуға тапсырыс береді.

8. Құрылыс кезеңі

1. Келісімге сәйкес Объекті құрылысының кезеңі 2,5 дәйекті жылдардан тұрады.

2. Концессионер Құзыретті органмен құрылыс басталуының нақты күнін келіседі.

9. Пайдалану кезеңі

1. Келісімге қол қою Құзыретті орган мен Концессионер, ең қолайлысынан басқаша Объекті осы Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде заңнамада көзделген және осы Келісімнің 16-бөлімі 1 және 2-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, талап етілмейтінін куәлендіреді.

2. Объекті үшін инвестициялық тариф қаржы-экономикалық модельдің іске асырылуын қамтамасыз ететін деңгейде белгіленеді.

3. Осы Келісімде көзделген мерзімдер туындаған кезде Концессионердің осы

Келісімге сәйкес туындаған барлық қаржылық міндеттемелерді орындаған жағдайында Концессионер Объектіні мемлекеттік меншікті иеленуге уәкілетті мемлекеттік органға береді.

10. Жобаны іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

1. Тараптар Келісімнің шарттарына сәйкес қаржы-экономикалық моделді іске асыру мақсатында Объектінің пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды.

2. Құзыретті орган Концессионердің Келісімді атқарған кезде туындайтын қаржылық міндеттемелерінің қызмет көрсетуін және өтеуін қамтамасыз ететін инвестициялық тарифті белгілеу жөнінде жәрдем көрсетеді.

3. Егер де мемлекеттік органдардың іс-қимылдары инвестициялық тарифтің негізсіз азаюына, күрделі және пайдалану шығындарының ұлғаюына, облигациялық қарыздарды тарту шарттарын нашарлатуға әкеп соқтырса, Объектіні пайдалануға кедергі жасаса, баламалы электр жеткізу желілері бойынша кемсітуші тарифтер орнатып, сөйтіп ол өзінің артынан Объектіні пайдаланудан түскен табыстың азаюына әкеп соқтырса, Жобаның қаржы-экономикалық моделінің базалық қаржы-экономикалық өлшемдерін нашарлатса және Концессионердің Келісім бойынша міндеттемелерді орындауына мүмкіндік болмауына әкелсе, Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті уәкілетті органның атынан Концессионерге қанағаттандырылмаған талаптарды өтеу жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдайды.

4. Осы Келісімдегі 6-бөлімнің 6-тармағында және 10-бөлімнің 3-тармағында белгіленгеннен басқа Концессионердің өзге де міндеттемелерін атқару жөнінде Концессионердің құрылтайшылары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның міндеттемелері бойынша жауапкершілік алады.

11. Сақтандыру

1. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Концессионер заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандыруға міндетті.

2. Сақтандыру мыналармен байланысты мүлктік тәуекелдер мен жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді:

құрылыс жүргізілетін орынға жеткізілетін жүктерді тасымалдау және жинақтаумен; Концессионердің құрылысты жүргізу процесінде пайдаланатын мүлкімен, жалға алынған не лизинг бойынша пайдаланылатын мүлкті қоса алғанда; жерді қоса алғанда, қоршаған табиғи ортаның ластануымен және қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарларын жоюға арналған шығыстармен;

үшінші жақтар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен.

3. Концессионер өзінің қалауы бойынша сақтандыру компанияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таңдайды.

12. Форс-мажор

1. Тараптар осы Келісім бойынша қандай да бір міндеттемелердің орындалмауы не тиісінше орындалуы үшін жауапты болмайды, егер де осындай орындамау не тиянақсыз орындау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңсерілмес күш мән-жайларымен (форс-мажор) туындаса.

2. Еңсерілмес күш мән-жайларына осы жағдайлардағы төтенше және күтпеген мән-жайлар жатқызылады, мысалы, мынандай: осы Келісім бойынша тараптардың міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен әскери қақтығыстар, табиғи зілзалалар. Келтірілген тізбе егжей-тегжейлі болып табылмайды, Мұндай мән-жайларға, атап айтқанда, рыноктағы жұмыстарды атқару үшін қызметтердің немесе материалдардың болмауы немесе олардың тапшылығы жатқызылмайды.

3. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда олардан жапа шеккен Тарап осы туралы дереу басқа Тарапқа форс-мажорлық мән-жайлардың басталу күні мен сипаттамасын пысықтайтын жазбаша хабарламаны тапсыру не почта арқылы жіберу ж о л ы м е н х а б а р д а р е т е д і .

4. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде тараптар қалыптасқан жағдайдан шығу жолын іздестіру үшін дереу отырыс өткізеді және осындай мән-жайлардың салдарларын минимумға келтіру үшін барлық құралдарды пайдаланады.

5. Форс-мажорлық мән-жайлармен туындаған Келісім бойынша жұмыстардың толық не ішінара тоқтатылуы кезінде осындай жұмыстардың жүргізілу мезгілі форс-мажордың іс-қимыл мерзіміне созылады және форс-мажордың тоқтатылуы тұсынан қайта жаңғырады.

13. Құпиялылық

1. Келісімді орындау процесінде қайсыбір Тараптың алған немесе сатып алған ақпараты құпиялы болып табылады. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті есептерді жасау үшін құпиялы ақпаратты пайдалана а л а д ы .

2. Тараптар құпиялы ақпаратты үшінші тұлғаларға өзге Тараптың келісімінсіз мына жағдайлардан басқа кездерде беруге құқылы емес:

ақпаратты сот не құқық қорғау органдарының сұрауларына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен беру;

ақпарат Концессионерге қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға берілген кезде, мұнда осындай үшінші тұлға өзіне мұндай ақпаратты құпиялы ретінде қарауға және

оны тек Тараптар тағайындаған мақсаттар мен Тараптар белгілеген мерзімде ғана пайдалануға міндеттеме алған шарты болса;

Концессионер Жобаға қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін институционалдық инвесторға ақпарат берілген кезде, мұндай инвестор өзіне осындай ақпаратты құпиялы ретінде қарауға, соның ішінде осы Келісімнің қосымшасында мазмұндалған Жобаның қаржы-экономикалық моделі туралы ақпаратты көрсетілген мақсаттарда пайдалануға міндеттеме алатын шарты болса.

3. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарттасу аумағындағы құрылысты жүргізуге және Объектіні пайдалану процесіне қатысты барлық құжаттар, ақпарат пен есептер бойынша құпиялықты сақтау мерзімдерін айқындайды.

14. Дау-дамайларды шешу тәртібі

1. Келісім және Келісімнің негізінде қол қойылған басқа да келісімдер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

2. Тараптар осы Келісімнен келіссөздер жолымен туындайтын бүкіл дау-дамайлар мен келіспеушіліктерді шешу үшін барлық шараларды қабылдайды.

3. Егер даулы мәселені келіссөздер жолымен шеше алмаса, онда тараптар даулы мәселені оның шешілуі үшін Қазақстан Республикасының сот органдарына береді.

15. Келісім ережелерінің тұрақтылық кепілдемелері

1. Осы Келісімнің талаптары Келісімнің барлық іс-қимыл мерзімі ішінде өз күшіне ие болады. Талаптардың өзгеруі тек Тараптардың өзара келісімімен ғана рұқсат етіледі.

2. Келісімге Тараптардың келісімі бойынша өзгерістер енгізу немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген өзге де жағдайларды қоспағанда, Концессионерге осы Келісім талаптарының тұрақтылығы кепілденеді.

16. Келісім күшін тоқтату талаптары

1. Тараптардың біреуі осы Келісімнің талаптарын айтарлықтай бұзған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес Келісімді біржақта тәртіппен бұзуға құқылы.

2. Келісім өзінің әрекетін Құзыретті органның талабы бойынша мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатады:

егер де Концессионер Объектінің құрылысына Келісімде белгіленген мерзімдерде к і р і с п е с е ;

адамдардың денсаулығы мен өміріне қатер төнуіне байланысты құрылыстың

тоқтатылуын туындататын себептерді жою мүмкін болмағанда;
Концессионерге мақсатқа сай емес пайдалануға берілген Шарттасу аумағы мен
Объектіні пайдалану;
Концессионердің Келісімде не жұмыс бағдарламасында белгіленген
міндеттемелерін айтарлықтай бұзуы;
Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Концессионердің
банкрот болып танылуы.

3. 16-бөлімнің 2-тармағының талаптары туындаған кезден Объектіні салудың,
пайдаланудың және мемлекеттік меншікке берудің ары қарайғы шарттары туралы
шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының
заңнамасына сәйкес әрі мүдделес жақтардың ұсыныстарын ескере отырып қабылдайды.

17. Ерекше талаптар

1. Тараптардың міндеттемелері:
осы Келісімнің құрылыс басталғанға және инфрақұрылымдық облигацияларды
орналастырғанға дейін бұзылғаны жағдайында:

1) Құзыретті органның бастамасы бойынша Құзыретті орган Концессионердің
Жобаны іске асыру мақсатында жұмсаған барлық шығыстарын өтеуді қамтамасыз етеді,
ал Концессионер Жобаны іске асыру барысында құрылуына кеткен шығыстар барлық
активтерді Құзыретті органға береді;

2) Концессионердің бастамасы бойынша Концессионер Жобаны іске асыру
барысында құрылуына кеткен шығыстарды барлық активтерді Құзыретті органға
береді;

2. Осы Келісім инфрақұрылымдық облигацияларды орналастырғаннан кейінгі
кезеңде, бірақ пайдалану басталғанға дейін бұзылған жағдайында:

1) Құзыретті органның бастамасы бойынша Құзыретті орган Концессионердің
Келісім бұзылған тұсында жұмсаған бастапқы инвестициялық шығындар сомасына тең
сомада Концессионерге өтеуді қамтамасыз етеді, ал Концессионер Жобаны іске асыру
барысында құрылуына шығын жұмсалған барлық активтерді Құзыретті органға
тапсырады;

2) Концессионердің бастамасы бойынша Концессионер Жобаны іске асыру
барысында құрылуына шығын жұмсалған барлық активтерді Құзыретті органға
тапсырады, Құзыретті орган кепілгерлік сомасының шегінде Жобаны іске асыру
мақсатында тартылған инфрақұрылымдық облигациялық займдар бойынша
міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді:

Егер де Концессионердің банкроттығы оның құрылтайшысының іс-қимылдарымен
туындаса, онда Концессионерде қаражаттың жетіспеушілігі кезінде құрылтайшы
несиегерлер алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субсидиарлық

жауапкершілікке ие болады;

3. Мынандай жағдайда:

электр жеткізу желілерінің баламалы желілері бойынша жеткізуге арналған кемшін тарифті белгілеу нәтижесінде инвестициялық тарифтің бәсекеге қабілетсіздігі;
сыйақылау және инфрақұрылымдық облигациялар жөніндегі негізгі борышты қызметтеу бойынша шығындардың ұлғаюы нәтижесінде инвестициялық тарифтің бәсекеге қабілетсіздігі;

Концессионердің қызметтерін ұсыну және пайдалану үшін кедергілер құру нәтижесінде жеткізілетін электр энергиясы көлемдерінің төменгі деңгейі;

экономикалық дағдарысты не тұралауды, ереуілдерді, жаппай тәртіпсіздіктерді, әскери іс-қимылдарды және басқаларды қоса алғанда макроэкономикалық және әлеуметтік-саяси ортаның өзгерулері, егер олар келесі оқиғалардың туындауы нәтижесінде қаржы-экономикалық модельдің іске асырылуына кедергі жасаса;

Концессионердің Объектіні басқару мен ұстау жөніндегі шығыстары бойынша төлемдерді жүзеге асыруға жағдайы жоқ;

Концессионердің міндеттемелер жөніндегі сыйақылар бойынша кезекті төлемдерді жүзеге асыруға қаражаты жоқ;

Концессионердің міндеттемелерді өтеу кестесіне сәйкес негізгі борыш бойынша кезекті төлемдерді жүзеге асыруға қаражаты жоқ.

Онда Тараптар осы бөлімдегі 3-тармақшаның 5, 6 және 7-абзацтарында көрсетілген оқиғалардың басталу фактісі танылған соң 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қаржы-экономикалық моделді іске асыру үшін кедергілерді жою үшін шараларды қолданады.

Мұндай кедергілерді жою және түзілген берешектерді жабу жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда Құзыретті орган Концессионердің осы жобаны қаржыландыру үшін шығарылған инфрақұрылымдық облигациялық қарыздар бойынша барлық орындалмаған міндеттемелердің өтелуін қамтамасыз етеді, ал Концессионер Келісім шеңберінде алған Объектіге арналған барлық құқықтарды Құзыретті органға немесе басқа уәкілетті тұлғаға тапсырады.

Осы тармақшаның 5, 6 және 7-абзацтарында сипатталған оқиғалардың басталу фактісі Концессионердің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша қаржы-экономикалық моделін іске асыру туралы тоқсан сайынғы есепте (бұдан әрі - Е с е п) тіркеледі.

Есеп Құзыретті органға есептік тоқсаннан кейінгі айдың 20-на ұсынылады және есеп өзіне бухгалтерлік және қаржылық есептемені әрі түзетілген қаржы-экономикалық модельмен бірге Жобаның іске асырылу барысы туралы түсіндірме жазбаны қамтиды.

Құзыретті орган Есепті 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қарайды және осы тармақшада сипатталған жағдайлардың басталуын тану немесе танымау туралы шешім қабылдайды және өзіне осы тармақшада сипатталған міндеттемелерді алады.

4. Концессионердің барлық шығыстары бойынша төлегеннен және акционерлік капиталға ең төменгі кірістілік деңгейін қамтамасыз еткеннен кейін мұны өзі еркін ақшаның құралуына әкеп соқтырған, берілетін электр энергиясы көлемінің жоғары деңгейі жағдайында Концессионер осы ақшаларды мыналарға жібереді:

1) инфрақұрылымдық облигацияларды сатып алу және өзге міндеттемелерді өтеу еркін ақша мөлшерінің 70 %-ына дейін;

2) еркін ақша мөлшерінің 70 %-ына дейін міндеттемелер бойынша сыйақы ставкасынан жоғары резервте капиталға кірісті алу мүмкін болғанда инфрақұрылымдық облигацияларды сатып алу және өзге міндеттемелерді өтеу үшін резерв қалыптастыру;

3) жоспардан тыс күрделі жөндеу, Объектіні жаңғыртуға және қайта жаңартуға - еркін ақша мөлшерінің 20 %-ына дейін;

4) Концессионердің қалауы өзге де мақсаттар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бос ақша мөлшерінің 10 %-ына дейін.

18. Қосымша ережелер

1. Тараптар тәуелсіз аудитті, сараптауды, бұқаралық ақпарат құралдарын, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды және өзге шараларды пайдалану жолымен Келісім орындалуының транспаренттігін қамтамасыз етеді.

2. Тараптар Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде экологиялық, санитарлық-гигиеналық талаптар мен стандарттарды қамтамасыз ету жөнінде күш - жігер жұмсайды.

3. Тараптардың заңды мәртебесінің не ұйымдық-құқықтық нысанның өзгеруі осы Келісімнің қолданылуын тоқтатпайды және барлық құқықтары мен міндеттері тараптар Келісімді бұзуға, оны өзгертуге немесе құқық нормалары оны қайта ресімдеуді талап еткеннен басқа жағдайларда, тиісті құқықтық мирасқорларға өтеді. Мұнда тараптар бір-бірін қайта тіркеу фактісінен соң заңды мәртебесінің өзгергендігі туралы хабардар етуге міндетті.

4. Келісім екі данада, бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды, олардың біреуі Құзыретті органда қалады, екіншісі Концессионерге беріледі.

5. Келісімге өзгерістер мен толықтырулар, егер олар соған уәкілетті тұлғалармен жасалған болса күші болады.

6. Осы Келісім оны тиісті тіркеуші органда мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді.

19. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік деректемелері

Құзыретті орган:

Концессионер:

Қазақстан Республикасы
Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі

"Батыс транзит"
акционерлік қоғамы

мекен-жайы _____

мекен-жайы _____

БИК _____

БИК _____

ИИК _____

ИИК _____

РНН _____

РНН _____

Қазақстан Республикасының

Басқарма төрағасы

Энергетика

және

минералдық

ресурстар министрі

"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы"
өңіраралық электр беру желісін салу және
пайдалану туралы концессиялық келісімге
қосымша

Қаржы-экономикалық модель

1. Қаржы-экономикалық модельдің сипаты.

1) қаржы-экономикалық модель - Объектіні пайдаланудан түсетін кірістердің қалыптасуын айқындайтын базалық қаржы-экономикалық өлшемдерге негізделген Концессионердің Объектіні салу мен пайдалануының қаржы-экономикалық нәтижелерінің, сондай-ақ инвестициялық шығындардың ұстауға, жөндеуге және басқаруға арналған шығыстардың, салықтардың, алымдардың, өзге шығыстардың к е ш е н д і б о л ж а м ы ;

2) қаржы-экономикалық модельдің базалық сценарийі - осы Келісіммен қабылданған базалық өлшемдерде негізделген қаржы-экономикалық модель;

3) қаржы-экономикалық модельді іске асыру деп макроэкономикалық және басқа шарттардың ықтимал өзгерістерін есепке ала отырып, Жобаның тапсырылған экономикалық көрсеткіштерінен Жобаны іске асырудағы шынайы нәтижелеріне сәйкес ж е т і с т і к т е р ұ ғ ы н ы л а д ы ;

4) тараптар қаржы-экономикалық модельді іске асыру үшін барлық күш-жігерді ж ұ м с а й д ы ;

5) қаржы-экономикалық модельдің базалық өлшемдері мыналар болып табылады:
бастапқы инвестициялық шығындар;
инфрақұрылымдық облигацияларды шығару және орналастыру арқылы облигациялық қарыздарды (бұдан әрі - инфрақұрылымдық облигациялық қарыздар) т а р т у ш а р т т а р ы ;

акционерлік капиталдың мөлшері;
Объектіні басқару мен ұстауға арналған шығыстар;

к ү р д е л і ш ы ғ ы с т а р ;
инвестициялық тариф, тарифті индекстеу;
жеткізілетін электр энергиясының көлемі;
с а л ы қ р е ж и м і ;
макроэкономикалық және әлеуметтік-саяси орта.

Тараптар, егер бұл қаржы-экономикалық модельді іске асыруға ықпал ететін болса, базалық өлшемдерді өзгерте алады.

б) Жобаның экономикалық көрсеткіштері:

Келісімнің әрекет ету кезінде Объектіні басқаруға және ұстауға арналған барлық шығыстарды жабу ;

инфрақұрылымдық облигацияларды өтеу немесе сатып алу және жоспарлы күрделі жөндеуді жүзеге асыру, Объектіні жаңғырту және қайта жаңартуды жүзеге асыру үшін резервтерді қалыптастыру ;

инфрақұрылымдық облигациялар және басқа қарыздар мен кредиттер жөніндегі сыйақы бойынша төлемдерді жабу ;

инфрақұрылымдық облигацияларды өтеу немесе сатып алу, Келісім мерзімі аяқталғанға дейін оларды өтеу немесе сатып алу кестесіне сәйкес Концессионердің басқа міндеттемелерін өтеу. Инфрақұрылымдық облигацияларды өтеу немесе сатып алу кестесін Концессионердің органдары бекітеді, кесте көшірмесі Құзыретті органға тапсырылады ;

барлық шығыстар, салықтар және алымдар бойынша төлемнен кейін Концессионерді ұтымды ақша ағынымен, сондай-ақ акционерлік капиталға кірістіліктің ең төмен деңгейін қамтамасыз ету.

2. Бастапқы инвестициялық шығындар.

1) бастапқы инвестициялық шығындар - мынадай шығыстардың жиынтығы (инвестициялық шығынның баптары):

жобалау алдындағы шығыстар - Жобаны іске асыру үшін қажетті құжаттарды дайындауды ұйымдастыру жөнінде Концессионер акционерлері активтер түрінде капиталдандырылған және тиісті тәртіппен Концессионер меншігіне берілген шығындарды қоса алғанда, жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі - ЖСҚ) бойынша шығыстардан басқа, құрылыс басталғанға дейін Жобаны іске асыруға байланысты шығыстар ;

Концессионердің ЖСҚ дайындауға арналған шығыстары - ЖСҚ толық әзірлеу жөніндегі мердігерлік ұйымдардың қызметтеріне арналған шығыстар;

мемлекеттік органдардың комиссиялары мен алымдары - Жобаны іске асыру мақсатында жергілікті және республикалық бюджетке төленетін комиссиялар, түсімдер мен басқа төлемдер жобалауды, салуды, тіркеуді және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру барысында Концессионер төлейтін өзге комиссиялар, алымдар және төлемдер ;

құрылысқа арналған шығыстар - құрылыс материалдарын, қажетті жабдықтарды сатып алу, атқарылған жұмыстар үшін мердігерлік ұйымдардың қызметтерін төлеу және ЖСҚ-да көзделген өзге де шығыстар жөніндегі шығыстар;

құрылыс кезеңіндегі әкімшілік және басқару шығыстары - Концессионердің басқару персоналының жалақысына арналған шығыстар, ілеспе салықтар, коммуналдық шығыстар, байланыс шығыстары, әкімшілік мақсаттар үшін үй-жайларды жалға алуға немесе сатып алуға байланысты шығыстар, көлік және іссапар шығыстары мен Концессионердің қызметін басқаруды және әкімшілендіруді жүзеге асыруға байланысты өзге шығындар;

қаржылық шығындар - құрылыс кезеңінде инфрақұрылымдық облигациялар бойынша сыйақы, сақтандыруға арналған шығыстар, инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды және айналымын ұйымдастыру бойынша шығыстар мен жобаны қаржыландыруды ұйымдастыруға байланысты өзге шығыстар;

2) бастапқы инвестициялық шығындардың мөлшері ЖСҚ-ға, әкімшілік шығыстардың бюджетіне, мемлекеттік органдар алатын белгіленген алымдарға, мердігерлік, сақтандыру және қаржы ұйымдары қызметтеріне арналған бағаларға, облигацияларды орналастыру барысында анықталған инфрақұрылымдық облигациялар (купондық ставка) бойынша сыйақының мөлшеріне, Концессионердің акционерлік капиталындағы ақшалай емес жарнаның мөлшеріне сәйкес айқындалады;

3) "бастапқы инвестициялық шығындар" базалық өлшемі инвестициялық шығын баптары бойынша өзгерістерге байланысты Жобаны іске асыру барысында түзетілуі мүмкін;

4) Объектінің құны құрылыс аяқталғаннан кейін Объектіге меншік құқығын мемлекеттік тіркеу сәтіне Концессионер нақты шеккен бастапқы инвестициялық шығындардан құралады;

5) инфрақұрылымдық облигациялық қарыздар (қарыздар) бойынша кепілгерлік сомасы қаржы-экономикалық модельдегі 2-тармақтың 4) тармақшасында көзделген Объектінің құнына сәйкес келеді.

3. Қаржыландыру (дерек көздері, шарттары, түрлері және т.с.с).

1) бастапқы инвестициялық шығындар акционерлік капитал; инфрақұрылымдық облигациялық қарыздар; және қажет болған кезде, басқа қарыздар мен кредиттер есебінен жабылады;

2) жарғылық капиталды құрылтайшы құжаттарға және Концессионердің уәкілетті органдарының шешімдеріне сәйкес акционерлер қалыптастырады. Жарғылық капиталдың мөлшері қаржы-экономикалық модельдің базалық сценарийінде 300000000 (үш жүз миллион) теңгені құрайды;

3) қарыз алудың шарттары: қарыз алудың мөлшері, қарыз алудың мерзімі, сыйақының ставкасы;

4) инфрақұрылымдық облигациялық қарыздың мөлшері қаржы-экономикалық

модельдің базалық сценарийінде 18830000000 (он сегіз миллиард сегіз жүз отыз миллион) теңгені және орналастырылған облигацияларға есептелетін сыйақыны (м ү д д е н і) к ұ р а й д ы ;

5) инфрақұрылымдық облигациялық қарыздарды тартудың шарттары инфрақұрылымдық облигациялар эмиссиясының анықтамалығымен айқындалады;

6) акциялар мен инфрақұрылымдық облигацияларды орналастыру жолымен тартылған қаражатты игеру ЖСҚ және мердігерлік ұйымдармен жасалған шарттар негізінде жасалатын қаражатты игеру жоспарына сәйкес жүргізіледі, және оны Концессионердің органдары бекітеді;

7) Жобаны іске асыруға қарай Концессионер Құзыретті органды хабардар еткеннен кейін қаражатты игеру жоспарына өзгерістер енгізілуі мүмкін;

8) Концессионер Құзыретті органның келісімі бойынша Келісімде көрсетілген жағдайлардан басқа қаражатты игеру Жоспарына енгізілген өзгерістерге және қаржы нарығының конъюнктурасының өзгерістеріне сәйкес қаржы қаражатын тартудың мөлшерін, мерзімі мен тәртібін өзгертуге құқылы.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.13 N 1584 Қ а у л ы с ы м е н .

4. Бухгалтерлік және салық есебі.

1) бухгалтерлік және салық есебі Концессионердің есеп саясаты негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүргізіледі ;

2) Объектіні басқару мен ұстауға арналған шығыстарды Концессионердің есеп саясаты шеңберінде заңнамаға және бухгалтерлік стандарттарға сәйкес Концессионер е с е п к е а л а д ы ;

3) пайдалану кезеңіндегі күрделі шығыстарды Концессионердің есеп саясаты шеңберінде заңнамаға және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес Концессионер е с е п к е а л а д ы ;

4) Объект Концессионердің теңгерімінде болады, өтелімдік аударым бухгалтерлік және салық есептері мақсатында Концессионердің есеп саясаты шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес есептеледі;

5) қаржы-экономикалық модельдің базалық сценарийінде мүлік, жер салықтары және корпорациялық табыс салығы бойынша преференцияларды қамтитын салық режимі к ө з д е л м е г е н .

5. Кірістерді қалыптастыру:

1) Концессионердің кірістері - электр энергиясын беруді жүзеге асыруға арналған Объектіні Концессионердің ұсынуы үшін қызметтерді тұтынушылардың төлемі түрінде Концессионердің Объектіні пайдалануы нәтижесінде алынған кірістер.

кірістер = инвестициялық тариф x жеткізу көлемі;

2) инвестициялық тариф - электр энергиясын беруді жүзеге асыруда Объектіні

пайдаланғаны үшін Концессионерге төленетін төлем;

3) инвестициялық тарифті электр энергиясын беруге Концессионермен жасалған шарттарға сәйкес қызметтерді тұтынушылар төлейді;

4) инвестициялық тариф құнын есептеуді Концессионер жүргізеді және ол қажет болған жағдайда уәкілетті органдармен келісіледі;

5) инвестициялық тариф құнын есептеу инвестициялық тариф мынадай шарттарды орындау үшін жеткілікті кірістердің түзілуін қамтамасыз ететіндей болып жүргізіледі:

инвестициялық тарифтың әрекет ету мезгілінде Объектіні басқаруға және ұстауға арналған барлық шығыстарды жабу;

жоспарлы күрделі жөндеуді, жаңғырту мен қайта жаңартуды жүргізу үшін резервтерді қалыптастыру;

инфрақұрылымдық облигациялық және басқа қарыздар мен кредиттер бойынша сыйақы жөніндегі төлемді жабу;

облигацияларды өтеу немесе сатып алу кестесіне сәйкес инфрақұрылымдық облигацияларды және Концессионердің басқа міндеттемелерін өтеу (не оларды сатып алу);

барлық шығыстар, салықтар бойынша төлемдерден кейін Концессионерге оң ақша ағынын, сондай-ақ акционерлік капиталға кірістіліктің ең төмен деңгейін қамтамасыз ету;

б) қаржы-экономикалық модельдің базалық сценарийінде инвестициялық тарифтің мөлшері мынаны құрайды:

электр энергиясын беруге арналған инвестициялық тариф: 1,056 цент/кВт.с (ҚҚС-сыз, 134,5/1 АҚШ доллары бағамы бойынша);

7) инвестициялық тариф деңгейінің қаржы-экономикалық модельдің 5-тармағы 5) тармақшасының шарттарына сәйкес келуін қамтамасыз ететіндей болып инвестициялық тариф жыл сайынғы негізде индекстеледі. Қаржы-экономикалық модельдің базалық сценарийінде инвестициялық тарифті индекстеу мөлшері 4 % құрайды;

8) берілетін электр энергиясының көлемі - бір жылға тең кезеңде электр энергиясын беруге Концессионермен жасалған шартқа сәйкес электр энергиясын беру көлемі;

9) қаржы-экономикалық модельдің базалық сценарийінде электр энергиясын беру көлемі жылына 1,2-ден 2,2 млрд. кВт.с дейінді құрайды.

6. Концессионердің шығыстары:

1) Концессионердің шығыстары - бұл:

Объектіні басқаруға және ұстауға шығыстар - электр энергиясын беруге, Объектіге қызмет көрсетуге байланысты қызметтер көрсететін сырттағы ұйымдарға төлемдер үшін Объектіні пайдалану жөніндегі шығыстар және электр энергиясын беруді жүзеге асыру, әкімшілік және жалпы шығыстар, ағымдағы жөндеуге, Объектіні және ілеспе инфрақұрылымды ұстауға арналған шығыстар үшін Объектіні пайдалану жөніндегі

Концессионердің қызметі;

инфрақұрылымдық облигациялық қарыздар және басқа қарыздар мен кредиттер жөніндегі сыйақылар бойынша шығыстар;

инфрақұрылымдық облигациялық қарыздарға қызмет көрсету, инфрақұрылымдық облигацияларды оларды өтеу немесе сатып алу кестесіне сәйкес сатып алу, басқа қарыздар мен кредиттерге қызмет көрсету;

жоспарлы күрделі жөндеуге арналған немесе жоспарлы күрделі жөндеуді, жаңғырту мен қайта жаңартуды жүзеге асыру үшін резервті қалыптастыруға арналған шығыстар;

2) жыл сайынғы шығыстар бюджеті болжамдар, қарыздар мен кредиттер бойынша сыйақыларды төлеу жөніндегі міндеттемелері бар жасалған шарттар, күрделі жөндеуді жүзеге асыру, жаңғырту мен қайта құруды жүргізу үшін резервті қалыптастыру жоспары, сондай-ақ қарыздар мен кредиттер бойынша негізгі борышты өтеу және инфрақұрылымдық облигацияларды сатып алу жоспары негізінде Концессионер қалыптастырады;

3) Объектіні басқару мен ұстауға және күрделі жөндеуді жүзеге асыру, жаңғырту мен қайта жаңарту жүргізу мүмкіндігі үшін резервтерді қалыптастыруға арналған шығыстардың мөлшері қаржы-экономикалық модельдің базалық сценарийінде келісімнің әрекет ету кезеңінде 74,8 млн. АҚШ долларын (КҚС-сыз) құрайды;

4) инфрақұрылымдық облигациялық қарыздар мен басқа кредиттер бойынша сыйақы мөлшері - қарыздар мен кредиттердің әрқайсысы бойынша сыйақы жөніндегі төлем сомасы. Қаржы-экономикалық модельдің базалық сценарийінде облигациялық қарыздар бойынша сыйақының жиынтық мөлшері мынадай түрде есептелінеді:

облигациялық қарыз бойынша сыйақы мөлшері = облигациялық қарыз бойынша негізгі қарыздың сомасы x көбейтілген облигациялық қарыз бойынша купонның ставкасы.

7. Облигациялық қарызға және өзге кредиттік міндеттемелерге қызмет көрсету:

1) негізгі борышқа қызмет көрсету - бұл негізгі борыш бойынша төлемдер қосу осы төлемдерді ұйымдастыру бойынша шығыстар: қаржы ұйымдарының қызметтеріне, комиссиялар мен алымдарға арналған шығыстар, және өзге шығыстар;

2) облигациялық қарыздарға және басқа қарыздар мен кредиттерге қызмет көрсету негізгі борышты өтеу немесе облигацияларды сатып алу кестесіне сәйкес Концессионердің барлық негізгі борышы Келісім мерзімі аяқталғанға дейін толық өтелетіндей етіп жүргізіледі;

3) облигациялық қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу облигациялар шығарылымы анықтамалығының шарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

8. Акционерлік капитал:

1) акционерлік капитал - орналастыру бағасы бойынша Концессионер акцияларының жиынтық құнына тең Концессионер акцияларын орналастыру жолымен

қ ұ р ы л ғ а н

к а п и т а л ;

2) акционерлік капиталға арналған кірістіліктің ең төмен деңгейі - Келісімнің әрекет ету мерзімінде Концессионердің акционерлік капиталы кірістіліктің ішкі ставкасы кемінде 8 % ;

3) акционерлік капиталға кірістіліктің ең төмен деңгейі Концессионердің бос ақша ағындарымен қамтамасыз етіледі;

4) акционерлерге дивидендтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таза пайда алған сәттен бастап төленеді.